

Инватакси қызметін алушылардың санатын кеңейту туралы

Қостанай облысы Арқалық қаласы әкімдігінің 2024 жылғы 16 шілдедегі № 264 қаулысы. Қостанай облысының Әділет департаментінде 2024 жылғы 2 тамызда № 10247-10 болып тіркелді.

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының Заңына және Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрі міндетін атқарушысының 2013 жылғы 1 қарашадағы № 859 "Автомобиль көлігімен мүгедектігі бар адамдарды тасымалдау жөнінде қызметтер көрсету қағидаларын бекіту туралы" бұйрығымен бекітілген Автомобиль көлігімен мүгедектігі бар адамдарды тасымалдау жөнінде қызметтер көрсету қағидаларының 31-тармағына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8950 болып тіркелген) сәйкес Арқалық қаласының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Арқалық қаласы аумағында инватакси қызметін алушылардың санаты келесі тұлғалар санаттарымен кеңейтілсін:

- 1) тірек-қимыл аппараты бұзылған 2 топтағы мүгедектігі бар адамдар;
- 2) жүріп-тұруы қиын мүгедектігі бар балалар;
- 3) алып тасталды - Қостанай облысы Арқалық қаласы әкімдігінің 21.08.2025 № 264 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі);
- 4) Даун синдромы бар мүгедектігі бар балалар;
- 5) церебралды параличі бар мүгедектігі бар балалар;
- 6) алып тасталды - Қостанай облысы Арқалық қаласы әкімдігінің 21.08.2025 № 264 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі);

7) Арқалық қаласы аумағында гемодиализ алатын "Созылмалы бүйрек жеткіліксіздігі (СБЖ) V сатысы (терминалдық)" диагнозы бар тұлғалар инватакси қызметін алушылардың санатымен кеңейтілсін

Ескерту. 1-тармаққа өзгерістер енгізілді – Қостанай облысы Арқалық қаласы әкімдігінің 21.08.2025 № 264 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 12.06.2026 № 350 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулыларымен.

1-1. "Арқалық қаласы аумағында инватакси қызметін ұсыну үшін объектілер мен межелі пункттердің тізбесін келесі объектілер мен межелі пункттер тізбесімен кеңейтілсін:

қоғамдық моншалар

Ескерту. Қаулы 1-1-тармақпен толықтырылды - Қостанай облысы Арқалық қаласы әкімдігінің 21.08.2025 № 264 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

1-2. Жұмыс істемейтін мүгедектігі бар адамдар үшін ай сайынғы жол жүру сағаттарының саны 15 сағатқа дейін ұлғайтылсын, яғни қосымша 9 сағат берілсін

Ескерту. Қаулы 1-2-тармақпен толықтырылды – Қостанай облысы Арқалық қаласы әкімдігінің 12.06.2026 № 350 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).

2. "Арқалық қаласы әкімдігінің жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте:

1) осы қаулының аумақтық әділет органдарында мемлекеттік тіркелуін;

2) осы қаулының ресми жарияланғанынан кейін Арқалық қаласы әкімдігінің интернет-ресурсына орналастырылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Арқалық қаласы әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

4. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Арқалық қаласының әкімі

А. Асанов